

Қазақстан Республикасы
Ақтөбе облысы
Әйтеке би ауданы
Аралтоғай селосы
С.Оразалин атындағы
жалпы орта білім беретін мектебі



Республика Казахстан
Актюбинская область
Айтекебийский район
село Аралтоғай
ОСШ имени С.Оразалина

Қазақстан 50 жылдығы № 8, телефон: 23-0-19 факс: 23-0-19 E mail: orazalin.om@mail.ru

Аралтоғай селосы

23 тамыз 2021 жыл

Бұйрық № 48

2021 – 2022 оқу жылының басталуы туралы

Қазақстан Республикасының Премьер – Министрі орынбасарының 02.08.2021 жылғы №21-01/04-486/21-01-7,13п.3.7 тапсырмасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2021 жылдың 27 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2021 – 2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» №207 бұйрығы негізінде Әйтеке би ауданы бойынша білім беру ұйымдарында 2021 – 2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында

Бұйырамын:

1. Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021 – 2022 оқу жылының басталуы ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын. 2021 – 2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылдың 1 қыркүйегі.
2. Оқу жылының ұзақтығы мектепалды даярлық сыныптарында -33 оқу аптасы, 1 – сыныптарда -33 оқу аптасы, 2 – 11(12) сыныптарда -34 оқу аптасы, мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескере отырып, қайталауға арналған сабақтар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылсын.
3. Оқу жылының барысындағы каникул 1-11(12) сыныптарда күзгі каникул-10күн (2021 қоса алғанда), қысқы каникул -11 күн, көктемгі каникул-12күн.
Мектепалды даярлық сыныптары мен 1 –сыныптарда -7күн (2022 жылдың 7 – 13ақпан аралығында) қосымша каникул белгіленеді.
4. Мектепте 2021 жылдың 1 –қыркүйегі –Білім күніне арналған салтанатты алғашқы қоңырау жиыны және білім беру сабағы өткізілсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.Акимоваға міндеттеймін.

Мектеп директоры:

А.А.Дошаев

